

## **ТӨРТІНШІ ОБЛИГАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМА ШЕГІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ЕМЕС ОБЛИГАЦИЯЛАРДЫҢ ЖЕТІНШІ ШЫҒАРЫЛЫМЫНЫҢ ПРОСПЕКТІСІ**

Эмитенттің толық атауы: «Аграрлық несие корпорациясы»  
акционерлік қоғамы

Эмитенттің қысқартылған атауы: «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес Облигациялар шығарылымын (Облигациялық бағдарламаны, Облигациялық бағдарлама шегінде мемлекеттік емес Облигациялар шығарылымын) мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған мемлекеттік емес Облигацияларды сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың анықтығын растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда ұсынылған барлық ақпараттың дұрыс екенін және эмитентке және оның орналастырылатын мемлекеттік емес Облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтынын растайды.

Мемлекеттік емес Облигациялардың айналысы кезеңінде эмитент Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес бағалы қағаздар нарығындағы ақпаратты қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ашуды қамтамасыз етеді.

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жыл

**1. Облигациялардың осы шығарылымы «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Эмитент») төртінші облигациялық бағдарламасының проспектісіне сәйкес жүзеге асырылады және осы облигациялық бағдарламаның шегінде жетінші болып табылады.**

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мәліметтер:**

**1) облигациялық бағдарлама проспектісін мемлекеттік тіркеу күні:**

2019 жылғы 8 тамыз.

**2) шегінде шығарылым жүзеге асырылатын облигациялық бағдарламаның көлемі:**  
500 000 000 000 (бес жүз миллиард) теңге.

**3) облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың барлық алдыңғы шығарылымдары туралы мәліметтер (осы облигациялық бағдарлама шегіндегі әрбір шығарылым бойынша жеке-жеке), оның ішінде:**

**Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бірінші шығарылымы:**

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі - уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні: 2019 жылғы 8 тамыз;
- облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 70 000 000 купондық облигация;
- номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 70 000 000 000 теңге;
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 39 475 017 облигация;
- облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 39 973 787 696,60 теңге;
- облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:
  - бірінші купондық кезеңде (10.10.2019 ж. – 09.04.2020 ж.) есептелген және төленген купондық сыйақы сомасы 1 520 159 542,50 теңгені құрады;
  - екінші купондық кезеңде (10.04.2020 ж. – 09.10.2020 ж.) есептелген және төленген купондық сыйақы сомасы 2 121 782 163,75 теңгені құрады;
  - үшінші купондық кезеңде (10.10.2020 ж. – 09.04.2021 ж.) есептелген және төленген купондық сыйақы сомасы 2 121 782 163,75 теңгені құрады;
  - төртінші купондық кезең басталған күннен бастап (10.04.2021 ж.) 2021 жылғы 31 шілдеге дейін (осы проспектінің жасалған күні) есептелген купондық сыйақы сомасы 1 308 432 334,31 теңгені құрайды. Төртінші купондық кезең үшін осы проспектіні жасау күніне сыйақы төлеу жүзеге асырылмады: купондық кезеңнің аяқталу күні 09.10.2021 ж.;
- оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны: аталған шығарылым облигациялары сатып алынған жоқ;
- Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;
- облигациялар шығарылымын орналастыруды не оның айналысын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган,

оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі: көрсетілген шығарылым облигацияларын орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ;

- Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар: ұйымдастырылған нарық, Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «**Биржа**»);
- облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары:
  - Эмитенттен шығарылым шарттарында көзделген мерзімде облигациялардың номиналдық құнын алу, сондай-ақ шығарылым шарттарында белгіленген мерзімде облигацияның номиналдық құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
  - Қазақстан Республикасының қайталама нарығында облигацияларды кедергісіз сату және сатып алу;
  - Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерінде және Биржаның талаптарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигациялар бойынша өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
  - Эмитенттің сыйақы және/немесе облигациялар бойынша негізгі борыштың номиналды құнын төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл түріндегі тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығы;
  - Эмитенттің қаржылық есептілігінің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IFRS) сәйкес дайындалған және осындай қаржы жылы үшін аудиторлық есептермен расталған көшірмесін Эмитенттің орналасқан жерінің мекенжайына жіберілген жазбаша сұрау салу арқылы оның қаржылық жай-күйі туралы алу құқығы;
  - Эмитент Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі №461-ІІ «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 18-4-бабы 2-тармағының 1, 2-тармақшаларында көзделген талаптарды және проспектіде көзделген ковенанттарды бұзған жағдайда Эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға тиесілі облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
  - шығарылым проспектісінде белгіленген жағдайларда барлық облигацияларды сатып алуға мәлімдеу құқығы;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша Эмитентте шектеулерді (ковенанттарды) бұзу фактілері және облигацияларды ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттары жоқ.

#### **Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың екінші шығарылымы (14):**

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні: 2020 жылғы 21 тамыз;
- облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 30 496 202 купондық облигация;
- номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 30 496 202 000 теңге;
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 30 496 202 облигация;

- облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 30 461 884 667,20 теңге;
- облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:
  - бірінші купондық кезеңде (26.08.2020 ж. – 25.02.2021 ж.) есептелген және төленген купондық сыйақы сомасы 1 639 170 857,50 теңгені құрады
  - екінші купондық кезең басталған күннен бастап (26.02.2021 ж.) 2021 жылғы 31 шілдеге дейін (осы проспектінің жасалған күні) есептелген купондық сыйақы сомасы 1 411 508 238,40 теңгені құрайды. Төртінші купондық кезең үшін осы проспектіні жасау күніне сыйақы төлеу жүзеге асырылмады: купондық кезеңнің аяқталу күні 25.08.2021 ж.;
- оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны: аталған шығарылым облигациялары сатып алынған жоқ;
- Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;
- облигациялар шығарылымын орналастыруды не оның айналысын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі: көрсетілген шығарылым облигацияларын орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ;
- Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар: ұйымдастырылған нарық, Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ;
- облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары:
  - проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша номиналды құнды алу құқығы;
  - проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
  - проспектіде айқындалған облигацияларды сатып алу шарттарына сәйкес Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
  - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигацияларды еркін сату немесе өзгеше түрде иеліктен шығару құқығы;
  - Биржаның заңдары мен талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
  - Эмитенттің облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл алу құқығы;
  - Эмитент проспектіде көзделген қосымша ковенанттарды бұзған кезде және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабында белгіленген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның талаптарында көзделген өзге де құқықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында

көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын құқықтар.

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша Эмитентте шектеулерді (ковенанттарды) бұзу фактілері және облигацияларды ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттары жоқ.

#### **Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың үшінші шығарылымы:**

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні: 2020 жылғы 25 желтоқсан;
- облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 9 000 000 купондық облигация;
- номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 9 000 000 000 теңге;
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 1 348 479 облигация;
- облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 9 000 000 000 теңге;
- облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:
  - облигациялардың айналыс мерзімі басталған күннен бастап (30.12.2020 ж.) 2021 жылғы 31 шілдеге дейін (осы проспектінің жасалған күні) есептелген купондық сыйақы сомасы 279 852 607,50 теңгені құрайды. Төртінші купондық кезең үшін осы проспектіні жасау күніне сыйақы төлеу жүзеге асырылмады: купондық кезеңнің аяқталу күні 29.01.2022 ж.;
  - оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны: 15.04.2021 ж. Эмитент 7 651 521 дана көлемінде осы шығарылым облигацияларын сатып алды;
  - Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;
  - облигациялар шығарылымын орналастыруды не оның айналысын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі: көрсетілген шығарылым облигацияларын орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ;
  - Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар: ұйымдастырылған нарық, Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ;
  - облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары:
- проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша номиналды құнды алу құқығы;

- проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
- проспектіде айқындалған облигацияларды сатып алу шарттарына сәйкес Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигацияларды еркін сату немесе өзгеше түрде иеліктен шығару құқығы;
- Биржаның заңдары мен талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Эмитенттің облигациялар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған әрбір күні үшін өсімпұл алу құқығы;
- Эмитент проспектіде көзделген қосымша ковенанттарды бұзған кезде және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабында белгіленген жағдайларда Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында және Биржаның талаптарында көзделген өзге де құқықтар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға құқықтан туындайтын құқықтар.

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша Эмитентте шектеулерді (ковенанттарды) бұзу фактілері және облигацияларды ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттары жоқ.

#### **Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың төртінші шығарылымы:**

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні: 2020 жылғы 25 желтоқсан;
- облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 10 500 000 купондық облигация;
- номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 10 500 000 000 теңге;
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: аталған шығарылым облигациялары орналастырылмаған;
- облигациялар шығарылымын орналастыруды не оның айналысын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі: көрсетілген шығарылым облигацияларын орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ;
- Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар: ұйымдастырылған нарық, Сауда-саттықты

ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ, бірақ осы проспектіні жасау күніне осы шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;

- облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары: аталған шығарылым облигациялары орналастырылмаған.

#### **Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың бесінші шығарылымы:**

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні: 2020 жылғы 25 желтоқсан;
- облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 10 500 000 купондық облигация;
- номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 10 500 000 000 теңге;
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны: аталған шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: аталған шығарылым облигациялары орналастырылмаған;
- облигациялар шығарылымын орналастыруды не оның айналысын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі: көрсетілген шығарылым облигацияларын орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ;
- Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар: ұйымдастырылған нарық, Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ, бірақ осы проспектіні жасау күніне осы шығарылымның облигациялары орналастырылмаған;
- облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары: аталған шығарылым облигациялары орналастырылмаған.

#### **Төртінші облигациялық бағдарлама шегіндегі облигациялардың алтыншы шығарылымы:**

- Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органда (бұдан әрі – уәкілетті орган) облигациялар шығарылымын тіркеу күні: 2021 жылғы 25 маусым;

- облигациялардың саны мен түрі: қамтамасыз етілмеген 35 000 000 купондық облигация;
- номиналдық құны бойынша шығарылым көлемі: 35 000 000 000 теңге;
- шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны: 35 000 000 облигация;
- облигацияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі: 35 000 000 000 теңге;
- облигациялардың осы шығарылымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы:
  - бірінші купондық кезең басталған күннен бастап (30.06.2021 ж.) 2021 жылғы 31 шілдеге дейін (осы проспектінің жасалған күні) есептелген купондық сыйақы сомасы 437 500 000,00 тенгені құрайды. Осы проспектіні жасау күніне облигациялар бойынша сыйақы төлеу жүзеге асырылмады: купондық кезеңнің аяқталу күні 10.12.2021 ж.;
- оларды сатып алу күнін көрсете отырып, сатып алынған облигациялардың саны: аталған шығарылымның облигациялары сатып алынбады;
- Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау (орындалмаған міндеттемелердің мөлшері және оларды орындау мерзімін кешіктіру туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша сыйақыны төлемеу (төлеуді кешіктіру) фактілері туралы мәліметтер, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы: Эмитенттің облигацияларды ұстаушылар алдындағы өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ;
- облигациялар шығарылымын орналастыруды не оның айналысын тоқтата тұрған (қайта басталған) жағдайда, осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдаудың негізі мен күні көрсетіледі: көрсетілген шығарылым облигацияларын орналастыруды және олардың айналысын тоқтата тұру (қайта бастау) фактілері жоқ;
- Сауда-саттықты ұйымдастырушылардың атауларын қоса алғанда, облигациялар айналысқа түсетін нарықтар: ұйымдастырылған нарық, Сауда-саттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ;
- облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялардың оларды ұстаушыларға ұсынатын құқықтары, оның ішінде шектеулерді (ковенанттарды) бұзған кезде өткізілген және ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып, ұстаушылармен жасалған облигацияларды сатып алу-сату шарттарында көзделген құқықтары:
  - проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша номиналды құнды алу құқығы;
  - проспектіде айқындалған тәртіппен және мерзімдерде облигациялар бойынша сыйақы алу құқығы;
  - Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
  - Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес облигацияларды еркін сату немесе өзгеше түрде иеліктен шығару құқығы;
  - Биржаның заңдары мен талаптарына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
  - проспектіде айқындалған облигацияларды сатып алу шарттарына сәйкес, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген талаптардың кез келгені бұзылған, облигациялар бойынша дефолт оқиғасы басталған, сондай-ақ ковенанттардың (шектеулердің) кез келген бұзылуы басталған және Эмитент проспектіде көзделген мерзімдерде және



тәртіппен оларды жоймаған жағдайда, Эмитенттің облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

Облигациялардың осы шығарылымы бойынша Эмитентте шектеулерді (ковенанттарды) бұзу фактілері және облигацияларды ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттары жоқ.

### **3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:**

#### **1) Облигациялардың түрі:**

Қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).

#### **2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):**

1 000 (бір мың) теңге.

#### **3) облигациялар саны:**

5 000 000 (бес миллион) дана.

#### **4) Облигациялар шығарылымының жалпы көлемі:**

5 000 000 000 (бес миллиард) теңге.

#### **5) облигацияның номиналды құнының валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:**

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесімен көрсетіледі.

Эмитент барлық төлемдерді (сыйақыны және негізгі борыш сомасын төлеуді) қолма-қол ақшасыз тәртіппен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен (теңгемен) жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылған жағдайда, облигациялар бойынша борыштың және/немесе есептелген сыйақының негізгі сомасын төлеу облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында теңгедегі банк шоты болған кезде теңгемен жүргізілетін болады. Мұндай шот болмаған жағдайда, төлемді жүзеге асыру кезінде теңгені айырбастау Эмитент тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыдан тиісті жазбаша өтініш алған жағдайда, тек қана АҚШ долларына немесе Еуроға жүзеге асырылатын болады. Көрсетілген айырбастау төлем жүзеге асырылған күнге Эмитентке қызмет көрсететін банк белгілеген бағам бойынша жүзеге асырылады. Теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастау Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушының есебінен жүргізіледі.

Облигациялар бойынша төлемді жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының резиденті – Облигацияларды ұстаушының пайдасына теңгені өзге валютаға айырбастауға жол берілмейді.

Эмитенттің айырбастау кезінде туындайтын шығыстары Қазақстан Республикасының бейрезиденті – Облигацияларды ұстаушыға аударуға жататын сомадан ұсталатын болады.

### **4. Орналастырылатын облигацияларға ақы төлеу тәсілі:**

Осы шығарылымның орналастырылатын облигацияларына ақы төлеу қолма-қол ақшасыз нысанда ақшамен жүргізілетін болады.

**5. Облигациялар бойынша кіріс алу:**

**1) Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі (егер Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі индекстелген шама болып табылса, онда Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесін есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):**

Облигациялар бойынша купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесі облигациялар айналысының бүкіл мерзіміне тіркелген болып табылады және 7,1 (жеті бүтін оннан бір) пайызға тең.

**2) сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:**

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысының басталған күнінен бастап әрбір 12 (он екі) ай сайын жылына 1 (бір) рет жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын купондық кезеңнің соңғы күнінің басында (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – «Тіркеу күні») Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

**3) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу басталатын күн:**

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялардың айналысы кезеңінің соңғы күні аяқталады.

**4) Облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу тәсілі:**

Сыйақы төлеу Тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Тіркеу күніне Облигацияларды ұстаушылардың тізілімінде тіркелген Облигацияларды ұстаушылардың банктік деректемелері бойынша қолма-қол ақшасыз аудару арқылы жүзеге асырылады.

Төлем күнгі сыйақы номиналдық құнның және купондық сыйақының жылдық мөлшерлемесінің туындысы ретінде есептеледі. Үтірден кейінгі белгілердің саны және дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының жұмыс істеу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Сыйақының соңғы төлемі Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

**5) Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу айналыстың бүкіл мерзімі ішінде жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн уақыт базасы есебінен жүргізілетін болады.

**6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

**7. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару кезінде секьюриттеу кезінде қосымша көрсетіледі:**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

## **8. Облигацияларды орналастыру шарттары мен тәртібі:**

### **1) Облигацияларды орналастыруды бастау күні:**

Облигацияларды орналастыруды бастау күні Облигациялар айналысының басталу күні болып табылады.

### **2) Облигацияларды орналастыруды аяқтау күні:**

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні Облигациялардың айналыс кезеңінің соңғы күні болып табылады.

### **3) Облигацияларды орналастыру жоспарланған нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):**

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында жүзеге асады.

## **9. Облигациялар айналысының шарттары мен тәртібі:**

### **1) Облигациялар айналысының басталу күні:**

Облигациялардың айналысының басталу күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «Биржа») сауда жүйесінде оның ережелеріне сәйкес облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу күні болып табылады.

### **2) Облигациялар айналысының аяқталу күні:**

Облигациялардың айналысы аяқталған күн Облигациялардың айналысы мерзімінің соңғы күні болып табылады.

### **3) Облигациялардың айналыс мерзімі:**

Облигациялардың айналыс мерзімі Облигациялардың айналысы Басталған күннен бастап 10 (он) жылды құрайды.

### **4) Облигациялар айналысы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):**

Облигациялар бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарында айналысқа түсетін болады.

## **10. Облигацияларды өтеу талаптары мен тәртібі:**

### **1) Облигацияларды өтеу күні:**

Облигациялардың айналыс мерзімінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде.

### **2) Облигацияларды өтеу тәсілі:**

Негізгі борыш сомасын өтеу және соңғы купондық сыйақыны төлеу Облигацияларды ұстаушылар тізілімінің деректеріне сәйкес Облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын болады.

### **3) Егер Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен атаулы құнды төлеу Облигациялар шығару проспектісіне сәйкес өзге де мүліктік құқықтармен жүргізілсе, осы құқықтардың, олардың сақталу тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың ауысуын іске асыру тәртібі келтіріледі.**

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

**11. Бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, мыналар көрсетіледі:**

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – «Бағалы қағаздар рыногы туралы заң») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген Облигацияларды шығару үшін сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша Облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

**1) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:**

Эмитенттің Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Облигацияларды сатып алуды (бұдан әрі – «Облигацияларды сатып алу») жүзеге асыруға құқығы бар.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында) және сатып алу күні Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалады.

Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады. Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигациялар сатып алынатын Облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

**2) Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:**

Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды Сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда Эмитент осындай шешім қабылданған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде сатып алуды жүргізеді.

Эмитенттің Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесі осындай шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің ішкі актілерінде, Биржаның ішкі құжаттарында және Қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында ақпаратты орналастыру тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актіде белгіленген тәртіппен Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізілетін болады. Хабарламада Облигацияларды сатып алу тәртібі, шарттары және Сатып алу жүргізілетін күн көрсетілуі тиіс.

Облигацияларды Сатып алуды жүзеге асырғаннан кейін орналастырылған (сатып алынғандарын шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты Эмитент Биржаның ішкі ережелеріне сәйкес ашады.

**12. Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда, мыналар көрсетіледі:**

**1) Эмитент қабылдайтын және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңда көзделмеген ковенанттардың (шектеулердің) сипаттамасы:**

Облигациялардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде Эмитент келесі қосымша ковенанттарды (шектеулерді) ұстануы тиіс:

- а) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген жылдық және аралық қаржылық есептілікті ұсыну мерзімдерін бұзуға жол бермеуге;

- б) Эмитент пен Биржа арасында жасалған листинг шартында және/немесе Биржаның өзге ішкі құжаттарымен белгіленген Эмитенттің жылдық қаржылық есептілігі бойынша аудиторлық есептерді ұсыну мерзімінің бұзылуына жол бермеуге міндеттенеді.

**2) ковенанттар (шектеулер) бұзылған кездегі Эмитенттің іс-қимыл тәртібі:**

Осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгені бұзылған жағдайда Эмитент бұзушылық басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұзушылықтың туындау себебін, осы бұзушылықты жою тәсілі мен мерзімін егжей-тегжейлі сипаттай отырып, осы бұзушылық туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Көрсетілген ақпаратты Облигация ұстаушылардың назарына жеткізу Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

Облигацияларды ұстаушылардан Сатып алу туралы алғашқы жазбаша талапты алған күннен кейінгі 20 (жиырма) күнтізбелік күн ішінде Эмитенттің Директорлар кеңесі жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша немесе қандай шама ең жоғары болып табылатынына қарай Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдайды.

Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу күні туралы шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент тиісті хабарламаны Биржаның ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың облигацияларын алдағы сатып алу күні туралы хабарлайды.

Эмитент орналастырылған Облигацияларды сатып алуды Облигацияларды ұстаушыдан Облигацияларды сатып алу туралы алғашқы жазбаша талап алынған күннен бастап күнтізбелік 50 (елу) күннен аспайтын мерзімде жүзеге асырады.

Сатып алу Облигацияларды ұстаушылар берген жазбаша өтініштердің негізінде ғана жүргізілетін болады.

**3) ковенанттар бұзылған кездегі Облигация ұстаушылардың іс-қимыл тәртібі:**

Эмитенттің осы тармақта көзделген қосымша ковенанттардың (шектеулердің) кез келгенін бұзғаны туралы ақпаратты алғашқы жариялағаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке оларға тиесілі Облигацияларды сатып алу туралы тиісті жазбаша талап ету арқылы өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Облигацияларды ұстаушы барлық қажетті деректемелерді көрсете отырып, еркін нысанда өтініш береді:

- заңды тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының атауы; бизнес-сәйкестендіру нөмірі; мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің (анықтаманың) нөмірі, берілген күні және берген орган; заңды мекенжайы және нақты орналасқан жері; телефондары; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі;
- жеке тұлға үшін: Облигацияларды ұстаушының тегі, аты және бар болса әкесінің аты; жеке сәйкестендіру нөмірі; жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, берген күні және органы; тұрғылықты жері; телефоны; банк деректемелері; сатып алуға жататын Облигациялардың саны мен түрі.

Сатып алуға өтініш бермеген Облигацияларды ұстаушылардың осы проспектіде көрсетілген олардың айналыс мерзімі аяқталғаннан кейін оларға тиесілі Облигациялар бойынша өтем алуға құқығы бар.

**13. Айырбасталатын Облигацияларды шығару кезінде қосымша мынадай мәліметтер көрсетіледі:**

Осы шығарылымның Облигациялары айырбасталмайды.

**14. Шығарылған Облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын Эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**15. Атауын, орналасқан жерін, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын (егер Облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілсе) көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері:**

Осы шығарылымның Облигациялары қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**16. Инфрақұрылымдық Облигациялар шығару кезінде - концессия шартының деректемелері және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары:**

Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты:**

**1) Эмитент Облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары:**

Облигациялар шығарылымы «Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде агроөнеркәсіптік кешен жобаларын қаржыландыру үшін қаражат тарту мақсатында жүзеге асырылады.

**2) инфрақұрылымдық Облигацияларды шығару кезінде онымен жасалған шарттың талаптарына сәйкес Облигацияларды ұстаушылар өкілінің қызметтеріне ақы төлеуге байланысты шығыстар көрсетіледі.**

Осы шығарылымның Облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**18. Айналыс мерзімі өткен Эмитент бұрын орналастырған Облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін Облигацияларды шығару кезінде (эмитент сатып алған Облигацияларды шегергенде) осы Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ Облигациялар шығарылымының көлемі, Облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:**

Осы шығарылымның Облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

**19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:**

- 1) Эмитенттен осы проспектіде көзделген мерзімде облигациялардың номиналды құнын алу құқығы;
- 2) Облигациялар бойынша осы проспектіде көзделген мерзімдерде және мөлшерде олардың номиналды құнының тіркелген пайызын алу құқығы;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Биржаның қағидаларына сәйкес және тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- 5) осы проспектіде белгіленген жағдайларда облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін сатып алуға мәлімдеу құқығы;

- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және тәртіппен Облигацияларды еркін сату және оларға өзгеше түрде билік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы, оның ішінде:

а) Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

